

«Келісілді»
Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім
басқармасы басшысы _____ Н.Жашибеков

« 21 » қыркүйек 2022 ж.



«Бекітемін»
Колледж директоры _____ Е.Жанділдин

« 21 » қыркүйек 2022 ж.



Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы және Мұхтар Әуезовтің 125 жылдығына арналған «Ұлылар мұрасы: заманауи білім беруді дамытудың жаңа мүмкіндіктері» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның
ЕРЕЖЕСІ

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің Білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледж» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны **2022 жылғы 17 қарашада** А.Байтұрсынұлының 150 жылдығы және М. Әуезовтің 125 жылдығына арналған «Ұлылар мұрасы: заманауи білім беруді дамытудың жаңа мүмкіндіктері» тақырыбында республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізеді.

Конференцияның мақсаты:

- А.Байтұрсынов пен М. Әуезовтің білім, ғылым және шығармашылық мұра саласындағы ролін және олардың идеяларының қазіргі білім беру жүйесінде жүзеге асырылуын зерттеу.
- жаңартылған білім беру мазмұнына байланысты білім берудің өзекті мәселелерін талдау.

Конференцияның міндеттері:

- оқытудың жаңашыл әдістерін тарату, білім беру мен тәрбиелеудің заманауи жүйесіндегі оқытудың өзекті мәселелерін талқылау.
- құзыретті кадрларды даярлаудың ғылыми-теориялық, әдіснамалық мәселелерін талқылау;
- қазіргі білім берудегі лингвистика және әдебиеттану негіздерін зерттеу мәселелерін қарастыру.

Конференция секциялары:

1-секция: Білім берудің трансформациясы: тәжірибе және оның мүмкіндіктері.

Проблемалық аясы:

- *Техникалық және кәсіптік білім берудің өзекті мәселелері.*
- *Білім берудің заманауи әдістері.*
- *Білім берудегі технологиялық трендтер.*
- *Қазіргі білім: проблемалар және оның шешімдері.*

2-секция: Тіл білімі және әдебиеттану: заманауи тенденциялар және оларды жүзеге асыру жолдары.

Проблемалық аясы:

- *А.Байтұрсынұлы мен М.Әуезовтің әдебиеттану мұраларын зерттеудегі негізгі тәсілдер.*
- *Жаңартылған білім беру жағдайында гуманитарлық пәндерді оқыту технологиясындағы инновациялық тәсілдер.*

Конференция жұмысының тілдері – қазақ, орыс, ағылшын.

Қатысуға шақырылатындар: магистранттар, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының, жалпы білім беретін мектептердің оқытушылары, қоғамдық ұйымдардың өкілдері.

Конференцияға қатысу шарттары

Материалдар 2022 жылдың 1 қарашасына дейін ұсынылуы тиіс.

Қажетті материалдардың тізімі:

- 1) үлгі бойынша қатаң ресімделген өтінім;
- 2) талаптар мен үлгіге сәйкес ресімделген мақала (3 беттен аспауы тиіс).

(1 секция – Касымова Мадина Аскаровна 87479695192

2 секция – Кожакиева Гаухар Бейбитовна 87478353727)

Материалдарды ресімдеуге қойылатын талаптар:

Материалдар электронды түрде ұсынылады: MS WORD мәтіндік редакторы; форматы А4, негізгі қарпі – Times New Roman; кегль – 14, жоларалық интервал – дара; стилі – калыпты; мәтіннің ені бойынша теңестіру; абзац шегінісі – 1,0 см; барлық жиектері-2 см. Беттер нөмірленбейді. Жоғарыдан ортасына - баяндаманың атауы бас әріптермен тасымалдаусыз, жартылай қалың қаріппен; одан әрі бір жолдан кейін, ортасында – автордың аты-жөні және тегі (бір баяндамаға немесе хабарламаға үштен артық автордың қатысуы құпталмайды), бір жолдан кейін ұйым, қала, одан әрі бір жолдан кейін-мақала мәтіні. Әдебиетке сілтемелер тік жақшада беріледі. Әдебиеттер тізімінің болуы міндетті. Тасымалдар қойылмайды (1-косымша). Суреттердің көлемі мақала көлемінің 1/4 аспауы тиіс. Суреттер, иллюстрациялар, фотосуреттер *TIFF* немесе *JPG* кеңейтімі бар файлға енгізілген түрде ұсынылуы тиіс. Мәтінде әр суретке сілтеме болуы керек, сызбалардың нөмірленуі өтпелі түрде, суреттерге жазулар жеткілікті толық ақпаратты қамтуы керек. Материалдар барлық талаптарды сақтай отырып мұқият өңделуі тиіс. Ресімдеу талаптарына сәйкес келмейтін және ұйымдастыру комитетіне белгіленген мерзімнен кеш ұсынылған мақалалар конференция материалдарының жинағына енгізілмейді және авторларға қайтарылмайды. Материалдар авторлық редакцияда жарияланады.

Өтінім нысаны.

Өтінімнің осы тіркеу нысанын қазақ немесе орыс тілдерінде толтыруды сұраймыз

Тегі	
Аты	

Әкесінің аты	
Ғылыми дәрежесі	
Лауазымы	
Ұйым	
Ұялы телефон	
E-mail (міндетті түрде)	
Баяндама атауы	
Секция №	
Өтінімді толтырған күн	

1-қосымша

Мақаланы ресімдеу үлгісі

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

С. А. Кусаннов

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қаласы.

Аңдатпа (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде)

Мақала мәтіні ... Мақала мәтіні ... Мақала мәтіні [1]. ... Мақала мәтіні... Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні [2]. ... Мақала мәтіні [3]. Мақала мәтіні

Әдебиеттер тізімі

- 1 Абэ Осаму. Когда началось экологическое образование? // Тири. 1990. Т. 35, №12. -С.21-27.
- 2 Учение Вернадского о ноосфере. <http://www.ecosystema.ru>.
- 3 Қазақстан Республикасының экологиялық білім тұжырымдамасы, Астана қаласы. 2002 ж., [http://ecoinfo.iacoos.kz/lite/index.=com_content &task=852](http://ecoinfo.iacoos.kz/lite/index.=com_content&task=852)

Конференция жұмысына қатысуға қойылатын талаптар:

1. Конференция **онлайн форматта** өткізіледі.
2. Конференция жұмысына қатысу үшін 2022 жылғы **1 қарашаға** дейін өтінім мен мақаланың электрондық нұсқасын жіберу қажет.
3. Ғылыми мақалалар конференция материалдарының электрондық жинағына енгізіледі.
4. Конференцияға қатысу тегін.
5. Барлық қатысушыларға сертификаттар табысталады.

Өткізу орны мен уақыты: Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қ., Абай көшесі, 28 үй, М.Жұмабаев атындағы жоғары колледж.

Анықтама үшін байланыстар М.Жұмабаев атындағы жоғары колледж тел. 8(7152) 369136, **87470401156** Тасмағамбетова Асемгуль Мухтаровна, **87078572066** Мухамадиева Алия Данияровна.

Ұйымдастыру комитетінің мекен-жайы:

Индекс 150000 Қазақстан Республикасы, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қ., Абай көшесі, 28 үй.